

Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек жасау туралы

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 13 сәуірдегі № С-25/4 шешімі. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда № 1-19-178 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек берілсін:
бір жолғы материалдық көмек отбасының (азаматтардың) табысын есептемей
б е р і л е д і :

1) ж е р л е у г е :

қ а й т ы с б о л ғ а н б а л а ғ а ;

қайтыс болған жұмыссыз азаматтарға, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту уәкілетті органында есепте тұрса - он айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді. Өтініш қайтыс болған күннен 6 ай ішінде берілуі қажет;

2) ауданның тұрмысы төмен отбасынан және ауылды жерде тұратын көпбалалы отбасынан шыққан, колледждерде оқитын студенттерге оқуы үшін жылдық төлем
м ө л ш е р і н д е ;

3) туберкулезбен ауыратындарға амбулаториялық емделу кезінде қосымша тамақтану үшін 5000 теңге көлемінде;

4) мүгедектер мен мүгедек балаларға Қазақстан Республикасының тиісті медициналық мекемелерінде емделуге немесе тексерілуге бару – келу жолақысы жол жүру билеті негізінде төленеді

5) Жеңіс Күніне арналған бір жолғы ақшалай төлемдер:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне – 5000 (бес мың) теңге;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 3000 (үш мың) теңге;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне – 3000 (үш мың) теңге;

«Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталғандарға – 3000 (үш мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік социалистік республикалар одағының ордендерімен

және медальдерімен марапатталғандарға – 3000 (үш мың) теңге.

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюдың жылдығына - Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысу себебінен мүгедек болған тұлғаларға - 5000 (бес мың) теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2010.10.29 № С-28/2 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2011.04.08 № С-32/3 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
ш е ш і м д е р і м е н

2. Отбасының ай сайынғы табысы есептелмей берілетін көмек:

1) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерінде, геттоларында және басқа да күшпен ұстаған жерлерінде жасы кәмелетке жетпеген тұтқындарына—бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, дәрігерлік сараптама комиссиясының шешімі бойынша подгузник алуға – 5000 теңге мөлшерінде;

3) мүгедек балалардың емдеу мекемелеріне баруы үшін, қала бойынша ақысыз ж ү р у і н е ;

3. Щучье аудандық маслихатының «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-141 тіркелген, 2009 жылғы 15 қаңтарда «Бурабай» және «Луч» газеттерінде жарияланған) 2008 жылғы 13 қарашадағы № С–9/3, Щучье аудандық маслихатының «Щучье аудандық маслихатының 2008 жылғы 13 қарашадағы № С–9/3 «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-141 тіркелген, 2009 жылғы 18 маусымында «Бурабай» және «Луч» газеттерінде жарияланған) 2009 жылдың 24 сәуірдегі № С–13/14, күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан туындаған қатынастарға таралады.

5. Осы шешім Ақмола облысы Бурабай аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң
XXV сессиясының төрағасы	Н.Туманова	
		А у д а н д ы қ
мәслихаттың хатшысы	Г.Марченко	
«КЕЛІСІЛДІ»		

« Б у р а б а й а у д а н ы н ы ң
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

	м е м л е к е т т і к	м е к е м е с і
бастығының міндетін атқарушы	О.Шестибрат	
Бурабай ауданының әкімі	В.Н.Балахонцев	
	« Б у р а б а й	а у д а н ы н ы ң
	э к о н о м и к а ж ә н е	б ю д ж е т т і к
	ж о с п а р л а у	б ө л і м і »
мемлекеттік мекемесінің бастығы	Г.А.Тінәлинова	
	« Б у р а б а й	а у д а н ы н ы ң
	қ а р ж ы б ө л і м і »	м е м л е к е т т і к
мекемесінің бастығы	В.И.Корнеева	